

1. Конкурс жөнінде хабарлама:

Құрметті ата-аналар мен үміткерлер!

Құжат қабылдау 2025 жылғы 25 маусымнан 25 тамызға дейін жүргізіледі.

Қабылдау комиссиясының жұмыс кестесі:

Дүйсенбі - жұма күндері 9.00-ден 18.00-ге дейін

Сенбі күні 9.00-ден 13.00-ге дейін

Түскі үзіліс уақыты:

Дүйсенбі - жұма күндері сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін

2. Құжаттар тізімі:

Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжіне 9-11 сынып оқушыларын қабылдау мақсатында конкурстық іріктеуге қатысу үшін үміткердің заңды өкілі **келесі құжаттарды тапсырады:**

- 1) Өтініш;
- 2) Келісім шарт;
- 3) Үміткердің туу туралы куәлігі, үміткердің ЖСН-і, үміткердің жеке куәлігінің (бар болған жағдайда) көшірмесі, заңды өкілінің ЖСН-і көрсетілген жеке куәлігінің көшірмесі.
Қажет болған жағдайда қабылдау комиссиясының талабы бойынша заңды өкілдерінің үміткердің азаматтығын растайтын құжатты ұсынуы міндетті.
- 4) Білім жөніндегі құжат (түпнұсқасы, көшірмесі);
- 5) Медициналық анықтама (075), (063);
- 6) Көлемі 3x4 см. үміткердің 6 дана фотосуреті;

Фотосурет қатаң түрде ашық фонда толық көлемде орындалады, бейтарап бет әлпеті және аузы жабық, онда бет фотосуреттің жалпы көлемінің 75% құрайды. Компьютерлік сканерлеу, модельдеу немесе ксерокөшірме әдісімен дайындалған суреттерді пайдалануға жол берілмейді. Суретке түсіру кезінде бас киімдер мен көзілдіріктерге жол берілмейді. Көздер ашық, айқын көрінеді және шашпен жабылмайды.

- 7) Төлемақы бойынша жеңілдік алуға құқығын дәлелдейтін құжаттар;
- 8) Тіркеу куәлігі немесе әскери билет (көшірмесі, ер абалалар үшін);
- 9) Әлеуметтік жағдайын (жетім, ата-анасының қамқоршысынан айырылған, көп балалы отбасы, аз қамтамасыз етілген отбасы, т.б.) анықтайтын құжаттар

Барлық құжаттар А4 форматындағы қағаз папкаға (папка скорошиватель бумажная) тігіліп тапсырылады.

Құжаттарды қабылдаудан бас тартуға негіз:

- 1) құжаттар бекітілген мерзімнен кеш берілсе;
- 2) құжаттар тізімі толық болмаса;
- 3) үміткердің заңды өкілі атынан берілген сенімхатсыз құжаттарды үшінші тұлға тапсырса.

4. Білім жөніндегі құжаттың орта балын есептеу алгоритмі:

Аттестатқа кіретін барлық пәндердің қорытынды бағаларын тізіп жазыңыз.

Мысалы: математика — 5, тарих — 4, биология — 5, химия — 3, физика — 3

1. Барлық бағаларды қосыңыз.

Мысалы: $5 + 4 + 5 + 3 + 4 = 21$

2. Пәндердің жалпы санын есептеңіз.

Мысалы: 5 пән.

3. Бағалардың қосындысын пәндер санына бөліңіз:

Орта балл = $\frac{\text{Бағалар қосындысы}}{\text{Пәндер саны}}$

Мысалы: $\frac{21}{5} = 4.2$ аттестаттың орта балы

5.Әңгімелесу:

(Конкурстық іріктеу аясында өткізіледі, толық ақпаратты қабылдау комиссиясынан білуге болады)

6.Спорттық емтихан нормативтерін тапсыру:

Нақты нормативтер колледжге байланысты өзгеруі мүмкін, бірақ жалпы келесідей сынақтар өткізіледі:

Талапкерлердің дене даярлығын бағалау бойынша оқу нормативтері

№	Тестілік сынақ түрлері	Жынысы	9 сынып			11 сынып		
			«5»	«4»	«3»	«5»	«4»	«3»
1	100 метрге жүгіру	Ұ Қ	14,5 17,0	14,9 17,5	15,5 18,5	14,2 16,0	14,5 17,0	15,0 18,0
2	Кросс жүгіру 3000 м 2000 м	Ұ Қ	15.00,0 10.10,0	16.04,0 11.40,0	17.00,0 12.40,0	13.00,0 10.00,0	15.00,0 11.00,0	16.00,0 12.20,0
3	Орыннан ұзындыққа секіру (см)	Ұ Қ	210 170	195 160	180 150	220 190	205 170	190 160
4	Гранатаны лақтыру 700 г 500 г	Ұ Қ	32 18	26 13	22 11	38 23	32 18	26 12
5	Жатып, арқамен жату жағдайынан денені көтеру (рет/минут)	Қ	22	17	13	25	20	15
6	Перекладинада ілініп тартылу (саны)	Ұ	11	9	6	14	11	8